

Азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар сатып алу және тартылған кредиттердің орнын жабуды ұйымдастыру үшін шетел кредиттерін тарту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 31 қаңтар N 109

Республиканың тұтыну нарығына халық тұтынатын тауарларды қосымша тарту, ұлттық валютаның бағамына қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне Қазақстан Республикасының шетелдегі сауда үйлерінің ірі сыртқы сауда компаниялары мен фирмаларының жүйесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі мен Қазтұтынуодағы жүйесіндегі ұйымдар арқылы қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігін бере отырып 400 млн. АҚШ долларына дейінгі сомаға азық-түлік, тағамдық шикізат, халық тұтынатын тауарлар алу үшін шетел кредитін тарту тапсырылсын.

2. Тауар сатып алуға арналған шетел кредиттерін тартудың және орнын жабудың Уақытша тәртібі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі:

Қазақстан Республикасының Үкіметі берген кепілдіктің есебін жүргізуді қамтамасыз етсін;

тартылған кредиттердің орнын уақтылы жабуды ұйымдастыруға бақылау орнатсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне аталған құрылымдарға ұлттық валютамен (теңге) арнаулы есепшоттар ашу үшін өкілеттік берілген банктерді айқындау ұсынылсын.

Өкілеттік берілген банктер сатып алынған тауарларды өткізуден түскен қаражат барысына қарай ұлттық валютаны өтімді студі және тартылған кредиттердің орнын жабуды бірінші кезекте қамтамасыз ететін болсын.

5. Үкіметтің кепілдігі есебіне тауарлар сатып алу жүктелген Қазақстан Республикасының сауда үйі, ірі сыртқы сауда компаниялары, фирмалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі мен Қазтұтынуодағы жүйесіндегі ұйымдар Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен Қаржы министрлігіне тауарлық кредиттерді тарту валюталық өзін өзі өтеу принципінде жүзеге асырылатынын есте ұстай отырып алынған кредиттердің орнын жабудың схемасын табыс етсін.

Аталған құрылымдар, сондай-ақ өкілеттік берілген банктер әрбір айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне алынған кредиттердің орнын жабудың барысы туралы х а б а р л а п о т ы р а т ы н б о л с ы н .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - м и н и с т р і
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 3 1 қ а ң т а р д а ғ ы
N 1 0 9 қ а у л ы с ы м е н
Б Е К І Т І Л Г Е Н

Тауар сатып алуға арналған шетел кредиттерін тартудың және орнын жабудың Уақытша тәртібі

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен және Сауда министрлігімен келісе отырып, халық тұтынатын тауарлар сатып алуға жасалған контрактілерге таратылады.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі Сауда министрлігімен, Қазтұтынуодағымен және "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясымен бірлесіп Қазақстан Республикасын тысқары жерлерден сатып алу үшін халық тұтынатын тауарлардың және азық-түліктің номенклатурасы мен көлемін айқындайды әрі Қазақстан Республикасының шетелдегі сауда үйлеріне, ірі сыртқы сауда компаниялары мен фирмаларына, сондай-ақ Сауда министрлігінің жүйесіндегі ұйымдарға (мұнан былай орындаушылар) Үкімет белгілеген лимит шегінде тауар кредиттерін тарту туралы мәселені шетел фирмаларымен пысықтауды тапсырады.

3. Шетел фирмаларымен және Қазақстан Республикасындағы тауар алушылармен контрактілердің жобасын орындаушылар Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің қарауына табыс етеді.

Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне төлем жасау кідірген жағдайда тартылған кредиттің орнын жабуды қамтамасыз ету туралы үкіметтік кепілдікті орындаушыға беру туралы ұсыныс енгізеді.

Үкіметтік кепілдік Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде тіркеледі.

Үкіметтік кепілдік алғаны үшін орындаушылар кепілдік құнының 3 процентін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бағамы бойынша ұлттық валютамен кепілдікке қол қойылған күні республикалық бюджеттің кірісіне төлейді.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі

сатып алуға белгіленген лимит шегіндегі тауарлар мен шикізаттарды беруге жасалған контрактілерді тіркеуді және есепке алуды қамтамасыз етеді, олардың орындалуын және орындаушылардың алынған кредиттердің орнын жабуын бақылауды жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының үкіметтік кепілдігін алынған кредиттердің есебінен республикаға тауарлар беру орындаушының сыртқы сауда бағасы бойынша (контрактілік) жүзеге асырылады. Орындаушының жіберу бағасы сыртқы сауда (контрактілік) бағасын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бағамы бойынша ұлттық валютаға (теңге) кедендік құжаттарды импорт бойынша ресімдеу күніне кепілдік алғаны үшін төлемді, қызмет көрсетуге және өнімді жеткізуге, кедендік баж салығын, сақтандыру және комиссиялық сыйақылар төлеуге байланысты ілестірмелік шығындарды қоса отырып қайта есептеу жолымен қалыптасады.

Республикаға берілген тауарлар мен өнімдерге төлем жасау үшін валюталық кредиттер тартылған жағдайда кредитті пайдаланғаны үшін проценттерді төлеуге кеткен шығындар орындаушының жіберу бағасына енгізіледі.

Тауар кредиттерін алуға және орнын жабуға байланысты барлық операцияларды орындаушылар валюталық өзін-өзі өтеу принципімен жүзеге асырады және кредиттердің орнын жабу жөніндегі өзінің міндеттемелері бойынша толық жауап береді.

6. Қазақстан Республикасындағы тауар алушылардың қоймасына тауарлар мен өнімдердің түсуіне қарай соңғылары алынған тауарлар үшін қаржыны 10 банк күні ішінде Қазақстан Республикасының өкілетті банкіндегі орындаушының арнайы есеп-шотына аударуды қамтамасыз етеді.

Аталған тауарларды халыққа сату рентабельділіктің шекті деңгейін ескере отырып, қолданылып жүрген нормативтік құжаттарда белгіленген бағалар бойынша жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда жіберілу бағасы Қазақстан Республикасындағы валюта бағамының өзгеруі ескеріле отырып түзетіледі.

7. Орындаушы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар сатып алу және тартылған кредиттердің орнын жабуды ұйымдастыру үшін шетел кредиттерін тарту туралы" 1994 жылғы 31 қаңтардағы N 109 қаулысын орындау үшін ашылған өзінің арнаулы есепшотына тауарларды сатудан қаражаттың түсуіне қарай қызмет көрсетуші банкке осы қаражатты шетел валютасына өтімді етуге және осы валютаны алынған кредиттердің орнын жабуға жіберуге өтінім береді.

Өкілетті банктер мен банкаралық биржа осы қаражаттарды өтімді етуді бірінші кезекте қамтамасыз етеді.

8. Өкілетті банк орындаушының арнайы есепшотындағы қаражаттың нысаналы түсуіне және жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады әрі аталған есепшоттағы

қаражаттың қозғалысы жөніндегі мәліметтердің сенімділігі үшін жауап береді.

9. Орындаушылар мен өкілетті банктер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне кредиттердің орнын жабудың барысы туралы хабарлап отырады.

10. Шетел кредиттерін пайдалану және орнын жабу процесінде туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.